

Л. Т. МАҚҰЛОВА

### Ш.МҰРТАЗАНЫҢ “ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ” РОМАНЫНДАҒЫ ҚАЙТАЛАМАЛАРДЫҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

“Қызыл Жебе” романында қайталама түрлері жиі кездеседі. Кейіпкер сөзі арқылы автор өз ойын жеткізеді. Мысалы, романда автор-әңгімеші ел атынан сөйлейді: *Дұрдараз болып дүрдің, сыртынан бұртып жүрсе, азаматтар басы қосылар ма? Азаматтары алауыз болған елдің берекесі кірер ме? Азаматтары ала тайға мініп, алауыз болып жүрген алаштың соры бес батпан болмай ма?*

Шағын мәтінде грамматикалық тұлғалар қайталанған, атап айтқанда, болымсыз етістік формасы мен **-ма/-ме** тұлғасын қайталау арқылы автор экспрессиялық-эмоциялық мән туғызады. Грамматикалық бірліктердің қайталануы нәтиже-сінде мәтінтүзушілік және мәтінкөркемдегіш қызметтің жандануы қазақ тіл білімінде жан-жақты қарастырылған.

Жеке тұрғанда өзіндік семантикаға ие бола алмайтын шылаулар қайталанып келуге икемді болатындықтан, стильдік қызмет атқарады. Стилистика ғылымында стилистикалық айшық ретінде бұл құбылыс “полисиндетон” деп аталады. Ол Ш.Мұртаза тілінде жиі кездеседі. Мысалы: *Біздің Талас та, Шу да ақыры құрдым құмға сіңіп таусылады.*

Автор әңгімелеуінде лексикалық бірліктердің қайталануы да жиі кездеседі. Мысалы: *Бірақ өзен біткеннің бастауы бар, құрдымы бар. Бірақ бұл асыққаны, өзінің ақырына асыққаны ғой. Шексіз дала. Қазақ даласы сияқты мұнда да боз жусан... Сол дауылдан таймай өткен Рысқұлов енді мына Моңғолстанда жаңа дүние, жаңа заман бастауға қол ұшын бермек. Азияның қақ ортасында мешулеп жатқан жалпақ елді жаңа жолға салу оңай емес. Бұл арада ауыртпалық аз емес. Сол ауыртпалықты моңғол революционерлерімен бірге Рысқұлов көтерісуі керек* (Ш.М., Қыл көпір, 346).

Прозадағы қайталамалар туралы О.Бүркіт былай деп жазады: “Прозалық мәтіндегі қайталамалардың қолданысы белгілі бір еркіндікке ие болады. Соның нәтижесінде бір абзац анафоралы қайталамалардан басталса, екіншісінде ол құрылым қолданылмауы мүмкін” [1, 119]. Романда әсіресе зат есім мен етістіктің, есімдіктің қайталанып келетін тұстары жиі ұшырасады. Зат есім доминант сөз табы болғандықтан, қайталауда жиі кездеседі. Ол әртүрлі сөйлем мүшесі ретінде қолданылып, контактілі және дистантты түрде қайталанып келеді. Сөйтіп, автордың әңгімелеу үлгісінде стильдік қызмет атқара алады.

Мысалы, Тұрар мен Мұхтардың әңгімесінде мынадай жолдар кездеседі:

*–Жазатыным бар, Тұрар аға. Басқалары бір төбе, кесірінен сақтасын, жазарым бір төбе. Ол – Абай туралы керемет хикаялар көкірегімде сайрап тұр. Абайдың ар жағында – қазақ, қазақтың бүкіл болмысы тұр. Бұл жұмырда көретін қанша жарық сәулем бар – бәрін соған арнамақпын, Тұрар аға. Абай – менің Тәңірім, Абай – менің бүкіл өмірімнің мәні, Абай – менің ғашығым. Құдірет о басында кеудеме иненің жасуындай сәуле ұялатқаны рас болса, бәрін сарқып Абайыма бермекшімін* (Ш.М., Қыл көпір, 494). Осы келтірілген Мұхтардың әңгімесінде *бір төбе, Абай, қазақ, менің, Тұрар аға* деген сөздер қайталанып келеді.

“Қызыл Жебе” романында жалқы есімдердің қайталануы да жиі кездесетін қайталаманың түрі болып табылады. Жазушы жалқы есімдерді қайталап қолданғанда, кейіпкер бейнесін жаңа көр-кемдік деңгейге көтеріп, оның стильдік қызметін қалыңдата түседі. Айталық, *кейбір жазушы, сыншысымақтар Голощекиннің сойыл соғары болып кеткенде, Ғабит сол Голощекинге тайсалмай қарсы шықты*, – деген сөйлемде *Голощекин* сөзі екі рет қайталанып келіп, ойды нығарлай, дәлдей айту үшін жұмсалып тұр.

*Ендеше Глебовтың несі артық? Глебов – жендет. Немесе Рысқұлов Сталиннің ақылының алғырлығына тәнті. Троцкий Сталинді шала сауатты деп күліп, менсінбей келді. Сталин діни семинария-ның өзін бітірмей, шығып кеткен* (Ш.М., Қыл көпір, 377), – деген шағын контексте *Глебов* сөзі екі рет, *Сталин* сөзі үш рет қайталанып тұр. Сондай-ақ *Рысқұлов* аты шығармада инверсия ретінде бірнеше рет қайталанып келеді. Автор жалқы есімдерді қайталау арқылы негізгі айтайын деген ойына сәйкес кісі атына салмақ түсірген. Адам аттарын қайталау арқылы айтайын деген ойының кімге қатысты екенін дәлелді түрде, нықтай, нығырлай түседі. Көркем прозадағы қайталамалар туралы Р.Сыздық “Сөз құдіреті” атты зерттеуінде былай деп жазады: “Прозадағы рефрендер, сөз жоқ, поэзиядағыдан өзгешелеу келеді. Өлеңде рефрен тармақтар мен шумақтардың әрқайсысында қайталанып келетін сөздер болса, прозадағы авторлық баянда-

удың біртектес үзіктерінің соңында не басында қайталанып келетін тұтас сөйлем не шағын мәтін болуы мүмкін” [1, 31].

Зат есімдерден кейін қайталанып келуге бейім сөз табы – етістік. Қайталамада етістік ерекше стильдік бояуға ие болады. Етістік – эмоциялық-экспрессивтік бояуды жақсы белгілейтін сөз табы. Сөйлемде негізгі ойды білдіру, қимыл-әрекетті белгілеу етістікпен байланысты. Етістік арқылы көбінесе жазушының стильдік шеберлігі танылады. Шерхан Мұртаза әңгімелеу барысында мұндай қайталамаларды да өте шебер пайдаланады. Мысалы: *Қазан вокзалы бастығының кабинетіне кіріп барғанда, алба-жұлба бір топ баланың ортасында отырған Түйметайды танымай да қалды. Түйметай екенін анық біліп келмесе, мүлде танымас та еді* (Ш.М., Қыл көпір, 462). Осы сөйлемде *танымау* етістігі екі рет қайталанып келіп тұр. Өйткені бұл жердегі негізгі автор ойы тану-танымауға байланысты.

*Айырпланмен барамын десе де, пойызбен барамын десе де, тіпті ұлы өзенге дейін жетіп алып, кемемен барамын десе де – бәрі дайын емес пе?* деген сөйлемде автор *барамын* сөзіне көңіл бөліп, оны басқа сөздерден ерекшелеу, эмоция туғызу үшін көркемдік шеберлікпен қайталаған. Демек, сөйлемнің өзгеріссіз қайталануын сөйлеу тілінде ғана ұшырасатын қолданыс деп есептеуге болмайды. Қайталама сөйлемнің стильдік бояуына қызмет етеді. Мәтіннің келесі позициясында сөздер мен сөйлемдер өзгеріссіз қайталанып, оқиғаға баға беру немесе қорытынды жасау қызметін атқарады.

Автордың Тұрарға деген ықыласы, оның басынан өткені мынадай ойталқы арқылы беріледі: *Халқының қан жылаған сонау патша заманын көріп, куәсі болған Рысқұлов; сол халыққа кәйтсем қол ұшын беремін деп жастайынан шырылдаған Рысқұлов; алтын сандықтың үстінде отырып, сол сандықтың кілті қолына тимей, өз жеріне, өз байлығына ие бола алмай, қорлық көрген еліне еңіреп жүріп жаны ашыған Рысқұлов; сонау Түркістан өкіметі тұсының өзінде жергілікті халықтардың правосы үшін, Қушекиндермен арпалысқан Рысқұлов; “Түркістан, Қазақстан патша отаршылығынан Совет тұсында да арылып болған жоқ!” деп айқасқа түскен Рысқұлов ... енді келіп сол халықты бір сәтте сатып кеткен болды ғой! Мұнан асқан масқара, мұнан асқан сатқындық болар ма өмірде?! Мұндай қара таңбаны маңдайға басып, жер үстінде жүргенше сол қара жер қақ айрылып, неге мына азғын Рысқұловты табан астын-*

*да жұтып кетпейді* (Ш.М., Қыл көпір, 452).

Сталиннің алдында тұрған Тұрардың ойы ретінде берілген бұл баяндаудың мәні ерекше. Мәтінде *Рысқұлов* сөзі алты рет қайталанған. Осы алты қайталауды түрліше беріп, оның орнына бірде *Тұрар*, бірде *азамат* т.б. деп берсе, автордың дйттегені осы қалпында экспрессия мен эмоциялық мағынаға ие бола алмас еді. Жоғарыда келтірілген мәтіндегі *Рысқұлов* сөзінің бірнеше рет қайталануын кейіпкердің жан дүниесін ашу үшін, жүрегінің дүрсілін сездіру үшін қолданылған көркемдік шешім деп пайымдаймыз. Мұндай қайталаулар Ш.Мұртаза шығармаларында мол кездеседі. Мысалы: *Декрет бойынша теңдік те, еркіндік те бар. Декрет бойынша. Ал іс жүзінде сол Декреттің сәулесін әлдекімдер Түркістанға толық түсірмей, әлі тасалап тұрған сияқты. Оны тасалап қалатын қара құдырет болмаса керек еді. Бірақ күннің өзін де кейде шала бұлт көлегейлеп қалады. Демек, сол шала бұлтты ысырып тастауға тырысу керек, оны қалай біліп, қалай ысырарсың* (Ш.М., Рысқұл, 424).

Бұл – Тұрардың ойы. Мәтінде *Декрет* сөзі үш рет қайталанған, әрқайсысы өзіндік мәнге ие болып тұр. Олардың айтылу мәнері де, интонациясы да бірдей емес. Екінші сөйлемде *Декрет бойынша* дегенде зілді кескін бар. Өйткені декретте жазылғанның бәрі іске асып отырмағанын Тұрар жақсы біледі. Профессор Б.Шалабай мұндай қайталаулар туралы былай дейді: “Син-таксистік қайталаулар лексикалық қайталаулармен, лексикалық қайталаулар дыбыстық қайталаулармен ұштасып, шығарманың қайталанбас өзіндік ырғақ-әуенін, құрылым-жүйесін жасайды. Бұл, әсіресе, ерекше сезімдік тебіреніспен баяндалатын тұстарда, кейіпкердің ішкі жан дүниесін ашатын баяндауда айрықша рөл атқарып тұрады” [3, 121].

Ойталқы Шерхан Мұртаза романында ерекше көзге түседі. Әсіресе үшінші және төртінші кітаптарында ойталқы терең оймен өрнектелген. Айталық, Сталиннің алдына кіргелі тұрған Рысқұловтың ішкі ойы мынадай ойталқымен беріледі: *Мұндайда досқа да, қасқа да сыр бермеу керек. Мұндайда бүкіл тұлғаң тұрмақ, саусағыңның дірілі де көзге түседі. “Атасына нәлет! Қорықпа, Рысқұлов. Құдай берген жанды құдай өзі алады. Осы жарық дүниеге келгеніңнің өзі өлшеусіз олжа. Келмей қалсаң қайтер едің? Қазақтың өлшеусіз кең өлкесінің бір пұшпағында туып, зорлықпен, жетімдікпен, аштықпен бір жерде қылжиып қалмай, адам болып, атқа қонып, өзіңнің емес, еліңнің жоғын жоқтап, әрлі-берлі дүниеде өткен патшалардың ішіндегі ең қапарлысының қарсы алдын-*

*да қасқайып тұрып сөз сөйлегеніңнің өзі мың бақыт емес пе? Және қарсы сөйлеу... Екінің бірінің қолынан келіп жатқан жоқ. Бұған да тәуба, тәуба...* (Ш.М., Қыл көпір, 388).

Бұл ойталқыдан автордың көзқарасы, ұстанған жолы айқын көрінеді. Нағыз жазушы-суреткер ретінде автор сөзқолданыстарына аса салмақпен, пайыммен қарайды. *Зорлықтан, жетімдік-тен, аштықтан* сияқты сөйлемнің бірыңғай мүшелерін келтіру арқылы ойын тереңдете түсіп, оқушысының көңілін аударуды көздейді. *Мұн-дайда* лексикалық

бірлігін қайталау арқылы эмоциялық күш береді.

#### ӘДЕБИЕТ

1. *Буркіт О.* Қайталамалардың лингвистикалық жүйесі. Алматы: Ғылым, 2001. 274 б.
2. *Сыздық Р.* Сөз құдыреті. Алматы: Санат, 1997. 223 б.
3. *Шалабай Б.* Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері. Алматы, 1997. 129 б.